2) Қазақстан Республикасы Аудыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 18-03/127 (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізілімінде № 7590 тіркелген) бұйрығымен бекітілген жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жемшөп және жемшөп қоспаларын, ветеринариялық препараттарды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай, міндетті түрде залалсыздандыру (зараарсыздандыру) және өндеу жүргізілетін жануарлар ауруларының тізбесіне (бұдан әрі – тізбелер).

Арнайы комиссияның шешімі дауыстардың көпшілігімен қабылданады, дауыстар тең болған кезде, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Дауыс беру қорытындысы бойынша алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың немесе жануарлардың саулығы мен

адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өнделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу орташа айлық нарықтық құнын белгілеу туралы еркін нысандағы акт жасалады.

7-1. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың не алып қоймай зарарсыздандырылған (залалсыздандырылған) және өнделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың орташа айлық нарықтық құнын белгілеу туралы акт тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

**Ескерту. Қағида 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3-тaraу. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алыш қою және жою немесе жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алыш қоймай залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және өндеу кезіндегі құнын өтеудің шарттары**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Иесіне алыш қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың не алыш қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өнделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу шарты ауру жануарларда тізбелерге енгізілген аса қауіпті аурулар мен аурулардың болуы, сондай-ақ жеке және занды тұлғалардың Заңның

25-бабында белгіленген талаптарды сақтауы болып табылады.

9. Құнын өтеу осы Қағидалардың 5-тармағында белгіленген алыш қойылатын және жойылатын ауру жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат құнының орташа айлық нарықтық құны бойынша алыш қойылған ауру жануарлардың бір басы және жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың бір килограмы (литр, ондық) орташа айлық нарықтық құны есебінен жүзеге асырылады.

Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алыш қоймай міндетті залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өндеу кезінде орташа айлық нарықтық құнын өтеу жануардың бір басы және жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың

бір килограмы (литр, ондық) есебімен орташа айлық нарықтық құнының 30 %-ы мөлшерінде жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады, ал орташа айлық нарықтық құнының қалған бөлігін (70 %) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өндеу жөніндегі үйим төлейді.

Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай міндетті залалсыздандыру (заарсыздандыру) және қайта өндеу кезінде тиісті аумақта осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес айқындалған, жануардың бір басының немесе жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың бір килограмының орташа айлық нарықтық құны қолданылады.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.07.2016 № 310 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**4-тaraу. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын жеке және заңды тұлғаларға өтеу кезіндегі сомаларды төлеу тәртібі**

**Ескерту. 4-taraудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін ауру жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қоюға және жоюға байланысты іс-шараларды ветеринария саласындағы уәкілетті орган жануарлардың ерекше қауіпті жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі функцияларды орындайтын мемлекеттік ветеринариялық үйымдар (бұдан әрі – мемлекеттік ветеринариялық үйымдар) арқылы республикалық бюджет есебінен жүргізіледі.

11. Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеуге мынадай құжаттар негізде болып табылады:

1) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда, тиісті аумақтың Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынысы бойынша карантин немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы жергілікті атқарушы органның (аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің) шешімі;

2) осы бұйрықпен бекітілген Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою не оларды алып қоймай міндетті түрде

заарсыздандыру (залаалсыздандыру) және қайта өндеу қағидаларына (бұдан әрі – Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою не оларды алышп қоймай міндетті түрде заарсыздандыру (залаалсыздандыру) және қайта өндеу қағидалары) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алышп қою туралы акт;

3) Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алышп қою және жою не оларды алышп қоймай міндетті түрде заарсыздандыру (залаалсыздандыру) және қайта өндеу қағидаларына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты жою туралы акт (бұдан әрі – жою туралы акт).

Зертханалық зерттеулер нәтижелері бойынша осы бүйрықпен бекітілген Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алышп қою және жою жүргізілетін жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесіне енгізілген жануарлардың аса қауіпті ауруларынан жануарлардың қырылуы расталған жағдайда, зертханалық зерттеулер нәтижелерінің расталуын алғанға дейін жасалған жою туралы акт олардың құнын өтеу үшін негіз болып табылады;

4) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің диагностикасы немесе ветеринариялық-санитариялық сараптамасының нәтижелері бойынша ветеринариялық зертханалар беретін сараптама актісі (сынақ хаттамасы);

5) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алышп қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың не алышп қоймай залаалсыздандырылған (зараарсыздандырылған) және өнделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың орташа айлық нарықтық құнын белгілеу туралы акт;

6) Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алышп қою және жою не оларды алышп қоймай міндетті түрде заарсыздандыру (залаалсыздандыру) және қайта өндеу қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алышп қою туралы қаулы;

7) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы

жануарларын бірдейлендіру қағидаларына (бұдан әрі – Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидалары) сәйкес берілген ветеринариялық паспорт;

8) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 367 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 6321 тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидаларына (бұдан әрі – Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидалары) сәйкес берілген ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккордан алынған көшірме.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген құжаттарды жинауды мемлекеттік ветеринариялық ұйым жүзеге асырады.

13. Осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген негіздемелерге сәйкес келген кезде жеке және заңды тұлғаларға жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу оларды алып қойғаннан және жойғаннан кейін мемлекеттік ветеринариялық ұйым құжаттар жиналғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Тиісті кезеңге арналған қаржыландыру жоспары бойынша бюджет қаражаты болмаған не жеткіліксіз болған жағдайда, жеке және заңды тұлғаларға жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілген мақсаттарға қосымша бөлінген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**5-тaraу. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зараарсыздандырылған) және қайта өнделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын жеке және заңды тұлғаларға өтеу кезіндегі сомаларды төлеу тәртібі**

**Ескерту. 5-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алғып қоймай міндетті түрде заарсыздандыру (залалсыздандыру) және өндеу кезінде құнын өтеуге мынадай құжаттар негіз болып табылады:

1) саламатты шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бруцеллезді қоспағанда, жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарлардың жүқпалы аурулары пайда болған жағдайда, тиісті аумақтың Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынысы бойынша карантин немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы жергілікті атқарушы органның (аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің) шешімі;

2) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің диагностикасы немесе ветеринариялық-санитариялық сараптамасының нәтижелері бойынша ветеринариялық зертханалар беретін сараптама актісі (сынақ хаттамасы);

3) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, азық пен азықтық қоспаларды заарсыздандыру (залалсыздандыру), өндеу туралы нұсқама;

4) Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алғы қою және жою не оларды алғып қоймай міндетті түрде заарсыздандыру (залалсыздандыру) және қайта өндеу қағидаларының б-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өндеуге тапсыру туралы акт;

5) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алғы қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың не алғып қоймай заарсыздандырылған (залалсыздандырылған) және өнделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың орташа айлық нарықтық құнын белгілеу туралы акт;

6) Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларына сәйкес берілген ветеринариялық паспорт;

7) Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидаларына сәйкес берілген ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан алынған үзінді.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген құжаттарды жинауды әкімшілік-аумақтық бірліктегі ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын тиісті жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелері 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

16. Осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген негіздемелерге сәйкес келген кезде жеке және заңды тұлғаларға жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай заарсыздандырылған (залалсыздандырылған) жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері тиісті кезенге арналған қаржыландыру жоспары бойынша бюджет қаражаты болған жағдайда, құжаттар жиналғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Тиісті кезенге арналған қаржыландыру жоспары бойынша бюджет қаражаты болмаған не жеткіліксіз болған жағдайда, жеке және заңды тұлғаларға жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай заарсыздандырылған (залалсыздандырылған) және өнделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілген мақсаттарға қосымша қаражат болінген кезде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.**

#### **6-тaraу. Шағымдану тәртібі**

**Ескерту. Қағида 6-тараумен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.**

17. Жеке және заңды тұлғаларға жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың не жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай заарсыздандырылған (залалсыздандырылған) және өнделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу туралы қабылданған шешімге шағым жасау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2014 жылғы 30 қазандагы

№ 7-1/559 бүйрекіна

4-қосымша

**Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алыш қою және жою жүргізілетін кездегі жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесі**

**Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Жануарлардың және адамның денсаулығы үшін қауіп төндіретін ауру жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат алыш қою кезінде өртеу арқылы жойылатын жануарлардың аса қауіпті аурулары:

- 1) жануарлардың бірнеше түріне ортақ аурулар – мелиоидоз, құтыру, талан, туляремия, аусыл;
- 2) ірі қара малдың аурулары – нодулярлық дерматит (экзотикалық ауру)\*, ірі қара малдың обасы, қарасан, қатерлі ісік\*, кеміктәріздес энцефалопатия;
- 3) жылқы аурулары – маңқа, эпизоотиялық лимфангит, бір тұяқтылардың африка обасы;
- 4) қой және ешкі аурулары – созылмалы инфекциялар (скрепи, маэди-висна, аденомотоз, күл, күйіс қайыратын ұсақ малдардың обасы);
- 5) түйе аурулары – түйе обасы;
- 6) шошқа аурулары – африка шошқалық обасы;
- 7) құс аурулары – құс обасы, құс орнитозы, құстардың жоғары патогенді тұмауы;
- 8) ит және мысық аурулары – ит және мысық токсоплазмозы, мысықтардың микроспориясы;
- 9) терісі бағалы андар мен үй қояндарының аурулары – үй қояндарының миксоматозы.

Ескертпе: \* алыш қою және жою ауыл шаруашылығы жануарлары өлген кезде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 30 қазандығы  
№ 7-1/559 бұйрығына  
5-қосымша

**Профилактикасы, диагностикасы және жойылуы бюджет  
қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті  
ауруларының тізбесі**

1. Жануарлардың бірнеше түріне ортақ аурулар – құтыру, бруцеллез, Ауески ауруы, лейкоз, лептоспироз, листериоз, пастереллез, топалаң (тері шикізатының асколизациясынан басқа), туберкулез, аусыл, күл, экинококкоз, паратуберкулез, токсоплазмоз, трихофития, риккетсиоздар, туляремия, ауыз уылуды (экзотикалық ауру), Шмалленберг ауруы және басқа экзотикалық аурулар.

2. Ірі қара малдың аурулары - вирустық диарея, инфекциялық ринотрахеит, парагрипп-3, ірі қара малдың обасы, қарасан, камвилобактериоз, кеміктәрізdes энцефалопатия, нодулярлық дерматит (эксотикалық ауру), қойдың хламидиоздық (энзоотикалық) іш тастауы.

3. Қой және ешкі аурулары - қойдың анаэробтық антеротоксемиясы, брадзот, қойдың жұқпалы эпидидимиті, жұқпалы пустелездік дерматит (эктима), қойдың хламидиоздік іш тастауы, қойдың және ешкінің жұқпалы агалактиясы, скрепи, маеди-висна, аденоатоз, блутанг (эксотикалық аурулар), күйіс қайыратын ұсақ малдардың обасы.

4. Жылқы аурулары – инфекциялық анемия, манқа, грипп, ринопневмония, инфекциялық энцефаломиелит, жылқының африка обасы (эксотикалық ауру), эпизоотиялық лимфангит.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.07.2016 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Түйе аурулары - түйе обасы.

6. Шошқа аурулары - классикалық оба, тілме, везикулярлық ауру, Тешен ауруы, вирустық трансмиссивтік гастроэнтерит, африка обасы (эксотикалық ауру), тұмау.

7. Құс аурулары - жұқпалы ларинготрахеит, Ньюкасла ауруы, Марека ауруы, Гамборо ауруы, құс күлі, құс орнитозы, респираторлық микоплазмоз, құстардың жоғары патогенді тұмауы.

8. Терісі бағалы андар мен үй қояндары аурулары - үй қоянының вирустық геморрагиялық ауруы, миксоматоз.

9. Ит және мысық аурулары - ет қоректілердің обасы.

10. Балық аурулары - тұқы балықтың геморрагиялық септицемиясы, описторхоз.

11. Бал арасының аурулары - варроатоз, аскофероз.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 30 қазандығы  
№ 7-1/559 бұйрығына  
6-қосымша

**Ветеринариялық бақылау бекеттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру қағидалары**

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.04.2020 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Ветеринариялық бақылау бекеттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 185) тармақшасына сәйкес әзірленді және ветеринариялық бақылау бекеттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібін айқындаиды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.04.2025 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомство (бұдан әрі - ведомство) - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын ветеринария саласындағы уәкілетті органның бөлімшесі;

2) ветеринариялық бақылау бекеті (бұдан ірі – ВББ) – уәкілетті орган ведомствоның шекара және кеден пункттері (Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері) аумағында, сондай-ақ автомобиль қатынасы шегінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей шекарасы арқылы тауарларды өткізуудің өзге де орындарында және уәкілетті орган айқындаған өзге де орындарда орналасқан, қажетті жабдықпен және аспаптармен жарақтандырылған, өткізілетін (тасымалданатын) объектілерге мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды және (немесе) өткізілетін (тасымалданатын) объектілердің әкелінуі, транзиті туралы алдын ала ақпаратты қабылдауды жүзеге асыратын бөлімшесі;

3) рұқсат - кейін ветеринариялық ілеспе құжатта (ветеринариялық сертификатта) көрсетіліп, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортты, импортты, транзиті кезінде тізілімде тіркей отырып, ведомство беретін нөмір;

4) тізілімнен үзінді көшірме - орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің импорттына, экспорттына, транзиттіне рұқсат беру туралы уәкілетті органның ведомство беретін рұқсат нөмірі мен орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект туралы мәліметті қамтитын жазбаша хабарлама;

5) тізілім - орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер туралы мәліметтерді және импортқа, экспортқа, транзитке берілген рұқсат нөмірін қамтитын ведомствоның ақпараттық базасы;

6) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер (бұдан әрі - орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер) - жануарлар, жануарлардың жыныстық және

соматикалық жасушалары, жануарлар ауруларын қоздырғыштардың штаммдары, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, ветеринариялық препараттар, жемшөп пен жемшөп қоспалары, патологиялық материал немесе олардан алынатын сынамалар, судың, ауаның, топырақ қабатының, өсімдіктердің сынамалары, ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттар, сондай-ақ оларды буып-тую және тасымалдау үшін пайдаланылатын ыдыстың барлық түрлері және осындай орны;

7) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.04.2025 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.04.2025 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.04.2025 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.04.2025 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер міндетті мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жатады.

4. Қазақстан Республикасының аумағына басқа мемлекеттерден жануарлардың жүқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуының алдын алу мақсатында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру үшін ветеринария саласындағы уәкілетті орган шекаралық және кедендей пункттерде (Еуразиялық экономикалық одақтың шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері), сондай-ақ автомобиль қатынасы шегінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей шекарасы арқылы тауарларды өткізудің өзге де орындарында және уәкілетті орган айқындаған өзге де орындарда ВББ ұйымдастырылады.

ВББ-да мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалауды мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар жүзеге асырады.

5. ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 17-бабы 1-тармағының 6-1) тармақшасына сәйкес ВББ-да ветеринариялық жете тексеру, қарап-тексеру, диагностикалау немесе ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу кезеңінде, сондай-ақ олар ветеринариялық құжаттарсыз тасымалданған кезде

немесе ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға, талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда, қөлік құралдарын тоқтатады және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді кідіртеді.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.04.2025 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

**2-тaraу. ВББ-да мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру тәртібі**

6. ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау кезінде ВББ-да құжаттамалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді физикалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды (орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді қарап-тексеру (жете тексеру) және зертханалық зерттеу үшін зертханалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау (сынамалар алу (қажет болса)) жүзеге асырады.

7. Құжаттамалық бақылауга:

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық ілеспе құжаттың (ветеринариялық сертификаттың) болуын;

ветеринариялық сертификат:

ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалар дайындаушы-кәсіпорын беретін, олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжатпен сүйемелденеді;

жеке тұлғалар жеке пайдалану үшін тасымалдайтын, саны 2 бастан аспайтын иттер мен мысықтар, сондай-ақ халықаралық паспортты алғып жүру арқылы спорттық жылқылар, онда жөнелтер алдында 5 (бес) күнге дейінгі кезеңде клиникалық тексеру жүргізу туралы құзыретті органның белгісі болған жағдайда;

жеке тұлғалардың жеке пайдалану үшін көрсетілген өнімді өндіруші елдің және әкету елінің эпизоотиялық жағынан саламатты болған жағдайда, зауыттық орамдағы жануарлардан алынатын дайын өнімді бір жеке тұлғаға есептегендеге 5 (бес) килограммға дейін қоса алғанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді жеке пайдалануға арналған қол жүгін, бағажы мен почта жөнелтілімдерін әкелу кезінде талап етілмейді;

2) ветеринариялық ілеспе құжаттың дұрыс (толық) толтырылуы;

3) экспорттаушы елдің құзыретті органының қолдары мен мөр бедерлері болған жағдайда;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің экспорттаушы немесе импорттаушы елдің ветеринариялық-санитариялық талаптарына сәйкестігін растайтын ілеспе ветеринариялық құжатта мәліметтердің болуы;

5) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект туралы мәліметтердің және импортқа, экспортқа, транзитке рұқсат нөмірінің нысаны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10254 болып тіркелген) бекітілген Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларында көзделген тізілімінен алынған үзінді көшірме деректеріне сәйкестігін тексеру кіреді (Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасына сәйкес импортына, экспорттына, транзитіне рұқсаты болуы тиіс орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге қолданылады);

6) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге берілген ветеринариялық ілеспе құжаттар мазмұнының сәйкестігі;

7) ұзынлыған ветеринариялық ілеспе құжаттарда, көліктік (тасымалдау) құжаттарда мәліметтердің қайшылықтары болмаған;

8) Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге шектеулері мен тыйым салуының болмауы;

9) Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасында белгіленген жағдайларда Кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін бақылауға жататын тауарларды өндіруді, өндеуді және (немесе) сактауды жүзеге асыратын ұйымдар мен адамдардың тізілімінде, Еуразиялық экономикалық одақтың бір мүше-мемлекеттен басқа мүше мемлекетке тасымалданатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді жүзеге асыратын ұйымдар мен адамдардың тізілімінде болуын тексеру кіреді.

#### 8. Құжаттамалық бақылаудың нәтижесі:

1) ұзынлыған құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін не сәйкес еместігін анықтау;

2) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің әкелуге, әкетуге, транзитке, өткізуғе Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының құжаттарының болуын не болмауын не тыйым салу немесе шектеу фактісін анықтау болып табылады.

9. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің физикалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау:

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауының, оның салмағының (көлемінің), жалпы санының таңбалау деректеріне және ілеспе ветеринариялық құжат мәліметтеріне сәйкестігін тексеруді;

2) көлік құралына қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуын тексеруді;

3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні тасымалдау режимі мен шарттарына қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуын тексеруді;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні ветеринариялық тексеру (тасымалдау талаптарына сәйкестігі), ал тірі жануарларды тасымалдау кезінде (қажет болса) термометрия жүргізу, пульсті және тыныс алуды өлшеуді;

5) бұып-тұю мен таңбалаудың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді қамтиды.

10. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні қарап-тексеру (жете тексеру) көлік компаниясы өкілінің немесе өнімді тасымалдау кезеңінде жүк алушының/жүк жөнелтушінің өкілі болып табылатын өкілдің қатысуымен жүзеге асырылады.

Қарап-тексеру (жете тексеру) нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық-санитариялық тексеру (тексеру) актісі жасалады.

11. Айқындаулар кезінде зертханалық зерттеулер үшін сынама алу:

1) жануарды кейін оқшаулады отырып, олардың клиникалық жағдайының өзгеруі. Жануарлардың аса қауіпті ауруларын анықтау мақсатында қанның, сілекейдің, мұрын ағындыларының, эксперименттердің сынамаларын іріктеу;

2) диагнозын белгілеу мақсатында жануардың өлім-жітімі (патологиялық материал алу);

3) дефростацияның, бүлінудің, тұтастығының, таңбалауының, бұзылуының белгілері, бөтен иістің болуы, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің ағуы анықталған кезде жүзеге асырылады.

Іріктең алғынған материалдар зерттеулер жүргізу үшін ілеспе құжатпен бірге жақын жердегі ветеринариялық зертханаға жолданады.

Ветеринария саласындағы зертханалық зерттеулер халықаралық және ұлттық стандарттарда, сондай-ақ өнімдердің түріне, оларды зерттеу әдісіне және зерттелетін қауіпсіздік көрсеткішіне байланысты Халықаралық эпизоотиялық бюро аясында өзірленген стандарттарда, нұсқамаларда және ұсынымдарда белгіленген мерзімдерде, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 94 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлардың (өнімдердің) сынамаларын іріктеудің бірыңғай тәртібі туралы ережеге, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 10 қарашадағы № 80 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру кезінде зертханалық зерттеулер (сынақтар) жүргізуді ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

11-1. ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 94 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге

бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлардың (өнімдердің) сынамаларын іріктеудің бірыңғай тәртібі туралы ереженің 116 және 132-тармақтарында көрсетілген жағдайларда орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің сынамаларын іріктеуді жүргізеді.

**Ескерту. 2-тaraу 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.04.2025 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіге қойылатын Қазақстан Республикасының мен Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасы талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өткізу кезінде ветеринариялық-санитариялық талаптардың бұзылуы туралы акт жасайды.

13. ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау нәтижелерінің негізінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің орнын ауыстыруы кезінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) рұқсат беру (өткізу) туралы;
- 2) әкелуге тыйым салу туралы;
- 3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді қайтару туралы;
- 4) әкелуді уақытша тоқтата тұру туралы.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге қатысты қабылданған шешімді ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы ветеринариялық және тауарға ілеспе құжаттарға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес, нысан бойынша тиісті мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау мөртабандарды қою арқылы ресімдейді.

14. Рұқсат беру (өткізу) туралы шешім ветеринариялық ілеспе құжаттардың және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкестігі анықталған кезде қабылданады.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект межелі пунктке дейін жіберіледі, кейіннен оны межелі пунктке тіркей отырып және қажет болған жағдайда оның қауіпсіздігін растау рәсімін (сынамаларды іріктеу және зертханалық зерттеулер жүргізу) жүргізу арқылы жіберіледі.

15. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің әкелуге тыйым салу туралы шешім:

- 1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкесіздігі анықталған;
- 2) ветеринариялық ілеспе құжаттар, уәкілетті органның ведомствосы берген рұқсат болмаған жағдайда;

3) ветеринариялық ілеспе құжаттарда орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкестігі туралы толық ақпарат болмаған;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің шыққан еліндегі немесе жөнелтуші еліндегі эпизоотиялық жағдайдың өзгеруі (нашарлауы);

5) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің әкелінетін, әкетілетін көлемі (саны) ілеспе ветеринариялық құжаттарда көрсетілген көлемнен (саннын) асып кеткен жағдайларда жүзеге асырылады.

